

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Пропорщиково ауылындағы "Глухой" аралына кірме жолдар, көпір ұйымдастыруға арналған жер участкесінде Ертіс өзенінің (оң жағалау) су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 394 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 қаңтарда № 5725 болып тіркелді

## РҚА О-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызыбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

## 1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Прапорщиково ауылындағы "Глухой" аралына кірме жолдар, көпір ұйымдастыру үшін Н.А. Амантаев сұрап отырған жер участкесінде Ертіс өзенінің (оң жағалау) су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Пропорщиково ауылындағы "Глухой" аралына кірме жолдар, көпір үйымдастыру үшін Н.А. Амантаев сұрап отырған жер участкесінде Ертіс өзенінің (он жағалау) су қорғау аймағы аумағында шаруашылық пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Глубокое ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
  - 4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының

әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

Д. Ахметов

К. Баймагамбетов

---

2018 жылғы "28" желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің

Шығыс Қазақстан облысы

Қоғамдық денсаулық сақтау

департаментінің басшысы

F. Сүлейменов

---

2018 жылғы "28" желтоқсан

Шығыс Қазақстан облысы

Әкімдігінің 2018 жылғы

"28" желтоқсандағы № 394

қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Пропорщиково ауылындағы "Глухой" аралына кірме жолдар, көпір үйымдастыру үшін Н.А. Амантаев сұрап отырған жер участкесінде Ертіс өзенінің (оң жағалау) су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі**

| Су объектісі, оның участкесі  | Су қорғау аймағы |                |           | Су қорғау белдеуі |                |           |
|---|------------------|----------------|-----------|-------------------|----------------|-----------|
|   | Ұзындығы<br>, км | Ауданы<br>, га | Ені,<br>м | Ұзындығы<br>, км  | Ауданы<br>, га | Ені,<br>м |
| 1   | 2                | 3              | 4         | 5                 | 6              | 7         |
| Карастырылып отырған участке аумағындағы Ертіс өзенінің оң жағалауы | 2,03             | 25,05          | 500       | 1,07              | 1,76           | 35        |

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК